Ауданның қоғамдық-саяси газеті

Жалағаш жаршысы

№71 (9854)
6 қыркүйек, сейсенбі
2022 жыл

Газет 1934 жылғы 10 қаңтардан бастап шығады.

Президент

Қасым-Жомарт Тоқаев,
ҚР Президенті:

Зардап шеккендерге көмек көрсетіледі

Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қостанай облысына жұмыс сапарымен барды. Сапар барысында Президент өрттен зардап шеккен Әулиекөл ауданындағы аумақты аралағаннан кейін шұғыл әрекет ету штабының отырысын өткізді.

Мемлекет басшысы Төтенше жағдайлар министрі Юрий Ильин мен Қостанай облысының әкімі Архимед Мұхамбетовтің өртті ауыздықтау, елді мекендердегі азаматтарды эвакуациялау және зардап шеккен тұрғындарға қолдау көрсету жөнінде қабылданған шаралар туралы баяндамаларын тыңдады. Сондай-ақ ол өңірдегі ахуалдың бақылауда екенін айтып, табиғи апатты жою үшін барлық қажетті шаралар қабылданғанын қаперге салды.

Қасым-Жомарт Тоқаев болған жағдайдан тиісті сабақ алу қажет екенін атап өтіп, өртті толық әрі жылдам ауыздықтау үшін шұғыл әрекет ету штабына барлық ведомствоның үздіксіз жұмысын қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар нақты тапсырма берді. Сондай-ақ үйлерін тастап кетуге мәжбүр болған адамдарға толыққанды қолдау көрсетудің маңызды екенін атап өтті. Үкімет пен Қостанай облысының әкімдігіне зардап шеккен тұрғындарға шұғыл түрде өтемақы төлеу мәселесін қамтамасыз ету тапсырылды.

– Зардап шеккен азаматтардың бәріне қажетті көмек беріледі. Олар қауіпсіз жерге көшірілді. Менің тапсырмам бойынша Үкімет тиісті мәселелерді шешу жұмыстарымен айналысып жатыр. Көмек көрсетілетініне ешқандай күмән болмауға тиіс, – деді Мемлекет басшысы.

Бұдан бөлек Қасым-Жомарт Тоқаев өрттің шығу себебін анықтау қажет екеніне назар аударды. Оның айтуынша, орман алқабын қайта қалпына келтіру үшін кешенді шаралар әзірлеп, алдағы уақытта осындай апатты жағдайларды болдырмау жөніндегі алдын алу жұмыстарын жүргізу керек.

Президент Төтенше жағдайлар министрлігін ведомство қызметкерлерінің әлеуметтік, соның ішінде тұрғын үйге және жатақханаға қатысты мәселелерін шешуге және қамтамасыз етуге, сондай-ақ кәсіби кадрлардың дайындық деңгейін арттыруға қабілетті институт ретінде айтарлықтай күшейту қажет екенін айтты.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы Төтенше жағдайлар, Ішкі істер және Қорғаныс министрліктерінің өрт сөндіру бөлімшелерінің жеке құрамымен, өртті ауыздықтауға тартылған еріктілермен кездесті.

Қасым-Жомарт Тоқаев төтенше жағдайды жоюға атсалысқан барлық азаматтың жасаған ерлігі үшін алғыс білдіріп, олар наградалар мен сыйлықтарға ұсынылатынын айтты.

Шұғыл әрекет ету штабы отырысынан кейін Мемлекет басшысы орман өртінен зардап шеккен Аманқарағай ауылының аумағын аралады. Сондай-ақ ол Әулиекөл ауылындағы мектепте орналасқан эвакуациялау пунктінде зардап шеккен азаматтармен кездесіп, гуманитарлық көмек тарату пунктінің жұмысымен танысты.

Зардап шеккендермен кездесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев Үкімет қиын жағдайды еңсеру үшін барлық шараларды қабылдайтынын айтты.

– Өкінішке қарай, үлкен өрт болды. Дегенмен тиісті көмек көрсетіледі. Сіздердің баспанасыз қалғандарыңызды білемін. Үкімет екі, екі жарым айда сіздерге бұрынғыдан әлдеқайда жақсы жаңа үйлер салып береді, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев еріктілермен әңгімелесіп, оларға көрсеткен көмегі үшін алғыс айтты.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Актив

Жолдау – жаңа белестер баспалдағы

Дүйсенбіде аудан әкімі Асқарбек Есжановтың төрағалығымен ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауының негізгі қағидаларын жүзеге асыру мәселелеріне арналған актив отырысы өтті. Мәжіліске аудан әкімінің орынбасарлары, кент және ауылдық округ әкімдері және бірқатар бөлім, мекеме басшылары қатысты.

Аудан әкімі Жолдауда көрініс тапқан бес бағытты аудан көлемінде жүзеге асыру бойынша нақты жұмыстар атқарылатынын айтты.

– Мемлекет басшысы өз Жолдауында мемлекет пен қоғамның барлық салаларын қайта жаңғырту бойынша атқарылатын жұмыстардың негізгі бағыт-бағдарын айқындап берді. Сондай-ақ жаңа экономикалық саясат макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету, экономиканы әртараптандыру және цифрландырудың тың тәсілдері қажеттілігін де атап өтті. Ендігі кезек біздің осы бағыт-бағдар бойынша жұмыс істеуіміз. Дегенмен аудан бойынша 7 айдың қорытындысымен барлық негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерде өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда өсім қалыптасты. Бірақ бұрынғыдай Жолдауды ұрандатып, құр жиналыстар өткізбейміз, яғни бос сөзге орын жоқ, іскерлігімізді тек іс жүзінде ғана көрсетуіміз керек, – деді өңір басшысы Асқарбек Есжанов.

Жолдаудағы өзі жетекшілік ететін салаларға қатысты бағыттары туралы және алда атқарылатын жұмыстар жайында алдымен аудан әкімінің орынбасары А.Нұрмағанбетов баяндама жасады.

Оның айтуынша, өңір инфрақұрылымын жаңарту, жасыл аймақ құру бойынша елді мекендер бөлінісінде нақты жоспар әзірленуде. Яғни жасыл екпелердің санын көбейту, ауа райына қолайлы талдарды, көп жылдық бұталарды егу, суару жүйесін дамыту секілді жұмыстар жүргізілетін болады.

– Жолдауда елімізде электр қуатымен қамтамасыз ететін желілердің үштен екісінің, жылу коммуникациясының 57 пайызының және су құбыры желісінің жартысына жуығының тозығы жеткенін атап көрсетті. Осы орайда қазіргі таңда ауданның электр жүйелерінің тозу деңгейін 15 пайызға дейін төмендету үшін тиісті есептемелер жүргізіліп, жоспарлы жұмыстар атқарылуда. Тұрғын үйді газдандыру бойынша 2023 жылға Ақсу және М.Шәменов елді мекендерін газдандыру жоспарланып отыр, – дейді А.Нұрмағанбетов.

Мұнан кейін Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шаралары туралы аудан әкімінің орынбасары Алтынбек Дәрібаев сөз алды. Саяси құжаттағы ауыл шаруашылығы саласын дамытудағы басымдықтар мен бағыттарға кеңінен тоқталған ол аталған салаға инвестиция тарту, инновацияландыру, сондай-ақ цифрландыруға көшу жұмыстарын жүргізу керектігін атап өтті.

– Сонымен қатар бос, пайдаланылмай жатқан жер телімдерін анықтап, талдау жасап, сол жер телімдерін аукционға шығарып, яғни ол жерлер ел игілігіне жұмыс істейтін азаматтарға беріледі. Өнім өндіру бағытын да дамыту қолға алынады. Бірқатар өндіріс орындары да қосылады, – деді А.Дәрібаев.

Президенттің Жолдауында халқымызды толғандырып отырған негізгі мәселелердің барлығы қамтылған. Оның ішінде еліміздің шикізатқа тәуелділігі, еңбек өнімділігінің төмендігі, инновацияның жеткіліксіздігі туралы нақты айтылды. Осы мәселелер бойынша ауданда атқарылатын жұмыстарды аудан әкімінің орынбасары Жасұлан Еспенбет кеңінен тарқатты.

– Жастарға жан-жақты қолдау көрсету мемлекетіміздің басты міндеттерінің бірі екені Жолдауда нақты айтылды. Осы бағытта біз жастарымызды кәсіпкерлік бағытқа тарта отырып, оларды жұмыспен қамту шараларын іске асыратын боламыз. Аудан бойынша 2022 жылдың 7 айында тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 2 601 бірлікті құраса, оның ішінен 547 субъектісін немесе 21 пайызын 18-29 жас аралығындағы жас кәсіпкерлер құрап отыр. Сондай-ақ жыл басынан бері ауданнан мемлекеттік, үкіметтік және өңірлік бағдарламалар аясында шағын және орта кәсіпкерлікті бастау немесе дамыту бағытында 103 кәсіпкер 2 356,3 млн теңгеге қаржыландырылса, оның ішінде 7 жас кәсіпкер 22 млн теңге қаржылай қолдау тапқан. Сондай-ақ Әділетті Қазақстанды құру ісінде педагогтардың рөлі айрықша екені сөзсіз. Биыл аудан бойынша 1 275 педагог қызметкердің 63 пайызы жаңа формат бойынша мамандықтарына байланысты аттестациядан өтіп, біліктіліктерін арттырған, – деді Ж.Ерданұлы.

Білім саласына кеңінен тоқталған Ж.Ерданұлы өткен оқу жылында 358 түлектің 312-сі немесе 87,2 пайызы ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысқанын айтады. Нәтижесінде конкурсқа құжат тапсырған 280 талапкердің 250-і мемлекеттік жоғары білім беру грантына қол жеткізген. Бұл ҰБТ-ға қатысқан түлектердің 80,1 пайызы болса, грантқа үміткер ретінде құжат тапсырғандардың 90 пайызын құрайды.

Аудан әкімі Президент белгілеген жұмысты өз деңгейінде атқаруға барлық мүмкіндік бар екенін айтып, бұл міндеттерді жүзеге асыруда бірлесе жұмыс істеуге шақырды.

– Баяндама жасаған үш орынбасар өздерінің жетекшілік ететін салаларындағы нақты мәселелерді айқындап, аудан бойынша тиісті шешім қабылдауы керек. Бұрынғыдай біреудің көлеңкесінде отырып жұмыс істейтін кезең бітті. Ендігі кезекте Жолдауда айтылған бағдар бойынша жұмыс жасап, оң нәтижеге қол жеткізуіміз қажет. Біріншіден, ауданда жаңа өнеркәсіп орындарын ашуды қолға алуымыз керек. Ол үшін үш орынбасарыма бір-бірден инвестор тартуды талап етемін. Инвестицияны шетелден іздеймін десе, оны да құптаймын, іс-сапарды ұйымдастыруға жәрдем беремін, – деді өңір басшысы.

Актив отырысында аудандық мәслихат депутаты, ардагерлер кеңесінің төрағасы, аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы Жолдаудағы алға қойылған міндеттерді жүзеге асыруға қатысты пікірлерін ортаға салды.

Жандос ЖАЗКЕН

Бағдарлама игілігі

62 жоба қаржылай қолдау тапты

Аққұмдық Дулат Жұмабек екі қолға бір күрек таппай жүргенде кәсіп ашудың ауылы алыстау көрінгенін айтады. Десе де оның іс бастап, ауданның кәсіпкерлік саласында серпін қалыптастыруға үлес қосуды армандап жүргеніне бірнеше жыл болыпты. Бұған дейін ораза, айт секілді діни мерекелерде қорадағы уақ малдарын бағып, сатылымға шығарып жүрген ауыл тұрғыны қой шаруашылығында айтарлықтай пайда барын, уақ мал етіне жай күндері де сұраныс мол екенін жете түсінген. Осылайша ол шаруашылық ашуға бел буады. Алайда оны жуық арада жүзеге асырып, шаруашылықтың шаруасын ширатуға қаражат тапшылығы қолбайлау болған көрінеді.

Дулат Жұмабектің бұл талабынан ауыл әкімі Алтынбек Асанбековтың да хабары бар екен. Өңір өркендесе, ауыл халқының әлеуеті артса деген ұлы мақсатқа жұмыс жасайтын Алтекең жерлесіне мемлекеттік бағдарламалардың көмегіне жүгінуге кеңес береді. Өзі жұмыссыз жүрген адамның пайыздық үстемақысы төмен несие алып, кәсібінің көкжиегін кеңейту оңайға соқпайтыны белгілі. Осы ретте ол жарқын жобасын жүзеге асыру үшін қайтарымсыз грантқа үміттілер қатарына енеді.

Комиссия мүшелері ауыл тұрғынының уақ мал өсіру жобасын бірауыздан қолдады. Оған себеп те жоқ емес, әрине. Біріншіден, автордың өз жобасына тыңғылықты дайындықпен, айқын мақсатпен келгені көрініп-ақ тұрды. Келесі кезекте уақ мал етіне және сүтіне бүгінде сұраныстың жоғары екені айтпаса да белгілі.

Кейіпкеріміз алдағы уақытта қаражат қолға тиісімен жергілікті шаруашылықтардың бірінен бірнеше қой сатып алатынын айтады. «Бірінші кезекте мал басын көбейтуге жұмыс жасаймын» деген талапты азаматтың алдағы уақытта кәсібінің көкжиегін кеңейтуге күш салатыны көрініп-ақ тұр. Ал шаруасы шираған жаңа кәсіпорынның болашағы өміршең болмасына кім кепіл. Міне, комиссия мүшелерінің ауыл тұрғынына 1 млн 225 200 теңге қайтарымсыз қаражат үлестіруі де сондықтан. Біз де бұл жобаның болашағынан үлкен үміт күтеміз. Оны жүзеге асыруға да аграрлық ауданда барлық жағдай жасалған. «Мал баққанға бітеді» дейді дана қазақ. Бастысы жоба авторы осы кеңесті қаперден шығармаса болғаны.

Комиссия отырысында кәсіпкерліктің басқа да салалары бойынша қорғалған жобалар жоқ емес. Биыл іс бастауға талпынған жұмыссыз азаматтарды қолдайтын бағдарламаның қаражат көлемі де өскен. Жалағаштықтардың да бұл мүмкіндікті жібергісі жоқ. Бас-аяғы 79 жобаның ішінде тігін цехын ашу, кондитерлік өнімдер өндіру, балалардың ой-өрісін дамытатын орталық ашу сынды бірнеше жоба бар. Әрине оның бәрі бірдей қолдау таба бермейтіні белгілі. Кейбірі өз жобаларын қорғай алмаса, басым бөлігі кәсіп ашуға айқын мақсатпен келгенін анық жеткізді.

Кент тұрғыны Алтынай Ералиеваның өз үйінде қыз жасауы, көрпе-төсек, жастыққап сынды бірнеше бұйым тігіп, өнімін өңір халқына қолжетімді бағада үлестіріп жатқанына бір жылдан асқан. Кәсіптің бұл түрінде пайда барын аңғарған аудан тұрғыны бұл іске толық кірісуге бел буады. Алайда айта беретін қаражат тапшылығы қос бүйірден қысыпты. Бұған дейін тігінге арналған бұрынғы қол машинамен жұмыс жасаған ол осы мүмкіндікті пайдаланып, цехқа қажетті заманауи аппараттар алуды мақсат етеді. талапты нәзікжандының бұл жобасы да комиссия мүшелері тарапынан бірауыздан қолдау тапты.

– Өзім үйден өндіріп жатқан өніміме сұраныс жоғары екеніне жұмыс барысында көз жеткіздім. Расында кей күндері 5-6 тапсырыс түседі. Ал оның бәрін қабылдауға менде мүмкіндік жоқ. Себебі менің жұмыс жасайтын ғимаратым заманауи аппараттармен жарақталмаған. Оның бәрін орындауға бір ғана бұрынғы қол машинаның қауһары жетпейді. Кеше жобамның қолдау тапқанын естіп, қуанып қалдым. Бұйыртса, алдағы уақытта мемлекет жасаған қолдаудың игілігін көремін. Алдағы уақытта тігін цехындағы өнімге сұраныс әлі де артып, ол тапсырыстарды менің қамтамасыз етуге мүмкіндігім болып жатса, ауданның бірнеше тұрғынын да жұмыспен қамту жоспарымда бар, – дейді жоба авторы.

Айта кетейік, осыған дейін ауданда 3 мәрте комиссия отырысы өтіп, онда комиссия мүшелері бас-аяғы 80-ге жуық жобаның негізгі мақсатымен танысты. Нәтижесінде 62 жоба қолдау тауып, іс бастауға талап қылғандарға жалпы құны 75 млн теңгеден астам қайтарымсыз қаражат үлестірілді.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Сұхбат

Жуырда Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа кезекті Жолдауын жариялады. Саяси құжат қоғамда әлі де қызу талқыланып жатыр. Белгілі саясаткерлер, қоғам қайраткерлері, қоғам белсенділері, өнер өкілдері және басқа да саланың майталман мамандары Жолдауға қатысты өздерінің жылы пікірлерін білдіруде. Әдеттегідей онда айтылған жаңа бағыттар жаңа Қазақстанның жаңа қадамдарына тілекші халықтың көңілінен шығып, жарқын болашаққа деген сенімін нығайта түсті. Мемлекет басшысының Жолдауынан кейін Таң ауылындағы «Таң ЛТД» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры, облыстық мәслихат депутаты Имамзада Шағыртаевпен бір-екі ауыз тілдескен едік.

Агроөнеркәсіп кешенін дамыту – ел ырысын арттыру

– Имамзада Қуанышбайұлы, Мемлекет басшысының биылғы Жолдауынан қандай ой түйдіңіз?

– Бұл Жолдауда жалпы халық үшін де, біз секілді тағдырын Жер-Анамен байланыстырған диқандар үшін де бірталай жаңалық айтылды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында жалпы аграрлық сала бойынша нақты бағыттарды айқындап берді.

Өнім өндіру үшін ең алдымен шаруаға жер керек екені де рас. Кәсіпкерлерге жерді ашық әрі жедел тиімді бөлудің жолдарын қарастыру, әрбір аймақта бос жатқан, игерілмеген жерлерді анықтап, игеру жұмыстарын бастасақ, біздің ұтарымыз көп. Сайып келгенде жер халықтың асырушысы екенін Мемлекет басшысы дөп басып айтты.

Сондай-ақ салық жүйесіндегі заңдылықтарды қайта қарау, салық режимін реформалау жөніндегі бастамасы, салық түсімдерінің өңірлердің өзіне берілуі көңілден шықты. Игерілмеген қаражатты келесі жылға қалдыру саясаты да дұрыс деп есептеймін.

Жолдауда бұдан да басқа көңіл көншітер мәселелер айтылды. Айталық, соның бірі – 2025 жылға дейін жолдардың 95 пайызын жөндеу туралы тапсырмасы. Жол – экономиканың күретамыры десек, бұл бірінші кезекте атқарылатын шаруа болуы тиіс.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы азық-түлік тауарларының бағасын белгілеудің және оны бөліп таратудың тиімсіз жүргізілуіне кеңірек тоқталды. Бұл да қазіргі халықтың наразылығын тудырып, көңілін күпті еткен сұрақтың бірі болатын.

– Нақ осы кезеңде азық-түлік бағасын тұрақтандыру бағытында қосымша қандай шаралар атқарылуы қажет деп ойлайсыз?

– Жұмыс істеу керек. Шаруа өзін-өзі қамтамасыз ету қажет. Бізді қандай қиындықтан болса да тек еңбегіміз ғана алып шығады. Осы орайда біздің өңірді азық-түлік өнімдерінің бағасын тұрақтандырудың тиімді жолы – әрбір ауданда «Байқоңыр ӘКК» АҚ секілді көтерме тарату орталықтарын ашу қажет екенін ұсынып келеміз. Мұндай орталықтар арқылы аудандағы азық-түлік өнімдерін сататын көтерме сауда дүкендерін төменгі бағада азық-түлікпен қамтамасыз етіп, бағаны тұрақтандыруға болады. Сонымен қатар аудандағы шаруашылықтарды қажетті қаржымен қамтамасыз ете отырып, өнімдерін көтерме тарату орталығына өткізу арқылы азық-түлік өнімдері бағасының көтерілуінің алдын алуға да болар еді.

Мәселен, биыл ауданымызда 3050 гектарға картоп, көкөніс және бақша дақылдары егілді. Бұл дақылдардан алынған өнімдер де өз кезегінде аудан тұрғындарын көкөніс, бақша дақылдарымен қамтамасыз етуге өз септігін тигізеді. Тек өзіне тиесілі жерге тұқым тастаған әрбір шаруа сол алқапты күтіп-баптап, жауапкершілікпен қарауы тиіс.

Сонымен қатар азық-түлік тауарларының 5 түрімен (күріш, нан, жылқы еті, сиыр еті және балық) аудан халқын 100 пайыз толық қамтамасыз ете алсақ, қалған азық-түлік өнімдері сырттан тасымалданып келеді.

Ауыл шаруашылығымен айналысатын құрылымдардың басшыларына ауданда өндірілетін азық-түлік өнімдерінің түрін, көлемін арттыру бағытында түсіндірме жұмыстары жүргізілуде.

– Біздің ата кәсібіміз мал бағу ғой, мал шаруашылығын дамытудың қандай перспективаларын көріп отырсыз?

– Иә, мал шаруашылығы біздің ата кәсібіміз екені рас. Иен даланы жайлап-қыстап, шөбі шүйгін, суы мол жерлерге көшіп жүрген ата-бабаларымыз төрт түліктен береке тапқан. Көлденең жұрт, сырт көз бізге ұлан-байтақ осыншама жер не үшін қажет деп ойлауы әбден мүмкін. Мыңғырған малға өріс керек, жайылым керек. Өрісі тарылса, малдың басы көбеймейді. Сондықтан да біздегі мал шаруашылығының түйткілді мәселелерінің бірі малды жайылымдық және шабындық жерлермен қамтамасыз ету болып отыр.

Жеке қосалқы шаруашылықтардағы мал басын тиісті жайылымдық, шабындық жерлермен қамтамасыз ету мақсатында елді мекен аумағындағы барлық жерге түгендеу жұмыстарын жасап, жеке қосалқы шаруашылықтарына жер беруді заңдастыру бағытында жұмыстар жоспарлануда. Осының нәтижесінде, егін шаруашылығында мал азығындық дақылдар көлемін арттыратын боламыз. Жайылымдарды тиімді пайдалану мақсатында оларды бақылаудың жаңа әдістері, тиісті мемлекеттік қолдау шаралары барынша пайдаланылатын болады. Сондай-ақ жайылымдарды түбегейлі жақсарту, суландырудың барынша тиімді тәсілдерін қолдана отырып, жаңа жайылымдық жерлерді айналымға тарту жұмыстары қолға алынуда.

Мал шаруашылығын дамытудағы негізгі мәселе – мал азығын уақытылы дайындап, қажетті жем-шөппен қамтамасыз ету.

Қазіргі таңда ауданымыздағы 50,4 мың шартты мал басына 73,7 мың тонна шөп, 16,3 мың тонна құрама жем, 28,4 мың тонна сабан дайындау жоспарлануда. Бүгінгі күнге 69,6 тонна шөп (94,4%), 8 мың тонна құрама жем (51,0%) дайындалды.

Бір атап өтетін жайт, Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша ветеринария жүйесі түбегейлі реформаланады. Ветеринария саласын реформалау арқылы ауданда мал шаруашылығын дамытуға мүмкіндігіміз бар. Бүгінгі күні ауданда ветеринария саласының мамандары жеткіліксіз болып отыр. Мал шаруашылығын дамыта отырып, өндірілетін ет өнімдерінің көлемін да арттыра аламыз. Яғни аталған сала дамыса, мал өнімдерінің сапасы да артады.

– Сырдария өзеніндегі су тапшылығы дәл қазіргі уақытта шаруалар мен диқандарды ойландырып, уайымға салып жүр. Бұл жайында не айтасыз?

– Иә, бұл түбегейлі шешілуі қиын өте күрделі шаруаға айналып барады. Екі-үш жылдан бері аяқ су тапшылығы бізді де мазалап келеді. Бұл тек біздің ауданымыз үшін ғана емес, тұтас Сыр өңірі үшін күн тәртібінен түспейтін ең бір өзекті мәселе болып отыр. Бұл орайда Мемлекет басшысы жаңа технологиялар мен цифрландыру арқылы суды үнемдеуге көшу керектігін тапсырды. Соңғы жылдары Сырдария өзенінің төменгі ағысында вегетациялық кезеңде күрделі су тапшылығы орын алуда. Біз қалайық, қаламайық, су тапшылығы алдағы уақытта да орын алатыны белгілі. Өңірімізде су азаймаса, көбеймейді, енді Сырдария өзені арнасына толмайды. Судың да сұрауы бар. Сондықтан біз үнемдеуді үйренуіміз керек.

Жолдауда Мемлекет басшысының су ресурстарын үнемдеуді баса көрсетуі өте орынды. Алдағы уақыта су ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыру мақсатында біз суды үнемдеу технологияларын қолдана отырып, суды аз қажет ететін жоңышқа, қант құмайы, қант қызылшасы, тағы басқа дақылдарды егуді белсенді түрде дамытуды жоспарлап отырмыз. Яғни егісті әртараптандыруға тезірек көшкеніміз жөн. Бұл аса маңызды және нәтижелі.

– Өзіңіз басқарып отырған шаруашылық сонау бір қиын кездерде ұйымдасып, құрылғанын білеміз. Бүгінде «Таң ЛТД» ЖШС ел экономикасының дамуына айтарлықтай ықпал жасап отыр. Аймағымыздағы алдыңғы қатарлы іргелі шаруашылықтардың біріне айналды. Шаруашылықты аяққа тұрғызуда бірталай кедергілер мен қиындықтардың болуы заңдылық. Алайда бүгінде оның барлығы да артта қалды. Қазірде сіз өзіңіз туып-өскен ауылыңызды көркейтуге барынша күш салып жатырсыз. Таңның жаңарған келбетін көрген қонақтар таңдай қағып тамсанатын дәрежеге жетті. Сіз туған жерге қызмет қылудың бақытын сезіне алдыңыз ба?

– Қандай да бір игі істің басталуында қиындықтар мен кедергілер кездесетіні заңдылық. Бірақ орта жолда кейін шегінсең, ісің алға баспайды. Тәуекел етіп, қиындықтарға қасқайып қарсы тұруға тиіссің. Сонда ғана мақсатыңа жетесің.

Шүкір, қазір шаруашылық аяққа тұрды. Бұл жолда ауыл азаматтарының, шаруашылық еңбеккерлерінің еңбегі зор. Екіншіден, мемлекет қолдауының арқасында осындай дәрежеге жеттік десем, қателеспеймін. Шаруа-диқанды қолдайтын түрлі мемлекеттік бағдарламалар бізді көтерді, демеді. Біз осы ауыл шаруашылығын қолдау бағдарламаларын тиімді пайдалана отырып жағдайымызды түзедік, ауыл шаруашылығы техникаларын түгелдей жаңаладық. Соның арқасында халықтың мемлекетке деген сенімі нығайды.

Еңсе тіктеп, жағдайымыз түзелгесін, енді қызметімізді елге жасап жатырмыз. Туған жер, өзіміз өсіп-өнген ауылды көтеру жолында еңбек етудеміз. Әрине бұл – менің перзенттік парызым, азаматтық міндетім. Алайда елімнің дамып, өркендеуіне, туған ауылымның көркеюіне, гүлденуіне тамшыдай болса да үлес қоса алсам, мен үшін бақыт та, абырой да сол. Туған жерге туыңды тік дегендей, әрбір азамат, мемлекет қолдауын пайдаланып, өз ауылын көтерсе, игілікті іс болар еді.

– Жолдау жайындағы пікіріңізді түйіндесеңіз...

Жалпы Мемлекет басшысының Жолдауында көтерілген мәселелер біздің қоғамдағы нақты жағдайларды бейнелейді. Халықтың көкейінде жүрген, қордаланған мәселелерді шешудің жолдарын, бағыт-бағдарын белгілеп берді. Ендігі мәселе – алдағы уақытта Жолдаудан туындайтын міндеттерді ел болып бірігіп, халық болып ұйысып жүзеге асыруымыз керек. Агроөнеркәсіп кешенін дамытудағы жаңа ережелерді басшылыққа алып, ел ырысын арттыруға батыл қадам жасаймыз деп ойлаймын. Сайып келгенде ел несібесі – жерде. Еңбек етсең, жер де береді. Біздің басты мақсатымыз – Жер-Ананы аялап, еңбек етіп, ел ризығын арттыру.

Сұхбаттасқан Қуат АДИС

Жолдауға қолдау

Жаңа оқу жылымен қатар келген күздің алғашқы күнінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» тақырыбында халыққа кезекті Жолдауын жариялады. Бұл жаңалығы мен жақсылығы көп халық күткен Жолдау болды. Жалпы бұл саяси құжатта көп мәселе қамтылған және көтерген бастамалары өте маңызды. Мұны еліміздің алдағы перспективалық дамуына арналған деп айта аламыз. Өздеріңізге мәлім болғандай, саяси және экономикалық мәселелер мұнда көп қамтылған. Мемлекет басшысының қабылдаған реформалары көптің көңілінен шыққаны айтпаса да белгілі. Бүгінде халық үніне құлақ асатын Жаңа Қазақстан құрылып келе жатқанын байқап отырмыз. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидасын ұстану аса маңызды.

Айқын мақсатпен астасқан маңызды құжат

«Біз қоғамға іріткі салуды емес, елді ізгі мақсатқа жұмылдыруды ойлауымыз керек. Әділетті Қазақстан идеясының түпкі мәні осы. Біздің алдымызда айрықша міндет тұр. Бұл – еліміздің егемендігін және жеріміздің тұтастығын сақтап қалу. Елімізді қорғаудың ең басты жолы – берекелі бірлік. Бұдан басқа жол жоқ» деді Ел Президенті. Ел тағдырын өз тағдырынан көбірек ойлайтын Қасым-Жомарт Тоқаевтың бұл сөзі шынайы көңілден шыққаны даусыз.

«Ел болашағына арналған стратегиялық инвестиция» деп аталған үшінші бағдарды еліміздің басты құндылығы адам екенін астын сызып айтқан Президенттің ойлары мен тұжырымдары да көңілден шықты.

Қасым-Жомарт Тоқаев реформаның басты мақсаты ұлттық байлықты тең бөлу және баршаға бірдей мүмкіндік беру екенін тілге тиек етті. Бұл Жолдауда бірде-бір әлеуметтік мәселе назардан тыс қалмаған. Ең төменгі жалақы 60 мыңнан 70 мың теңгеге дейін көтеріледі. Жаңа Жолдау әйелдер қауымын да бір серпілтіп тастады. Нәзікжандылардың көкейінде көптен бері жүрген сұрақ өз шешімін тапты. Енді азаматшалар 61 жаста зейнетке шығады. Менің ойымша, бұл жылы хабарды естіген еліміздегі, әсіресе ауылдардағы миллиондаған әйелдер қауымы бір жеңілдеп қалғаны анық. Сондай-ақ тағы бір тамаша бастама бала күтіміне арналған төлем 1,5 жасқа дейін ұзартылды. Сонымен қатар бүкіл әлемде бала мектептен, балабақшадан қалыптасады. Отбасы, тәрбие мәселесі аса маңызды екенін назарға салған Мемлекет басшысы мектепке дейінгі тәрбиеге, балабақшаға айрықша көңіл бөлді. Балабақшадағы тәрбиешінің жалақысын өсіру, оның әлеуметтік жағдайын көтеру арқылы көп мәселені шешуге болатындығын баса айтты. Сондай-ақ мектептерде сапалы білім берудің маңыздылығына тоқталды. Орта білім сапасы – табысты ұлт болудың тағы бір маңызды шарты екенін атап өтті. Бұл тезистің өміршеңдігін соңғы жылдары жасалып жатқан реформалар көрсетіп отыр. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы халық көңілінен шықты деп есептеймін. Енді 2025 жылға дейін 800 мың бала заманауи жасақталған мектептерде білім алады. Сонымен қатар ауыл мен қала мектептерінің арасындағы алшақтықты жою Үкімет алдындағы жауапты міндет деп айтуы, көңілге қонымды әсер етті. Сондай-ақ оқушылар қазақ және орыс тілдерін қатар жетік білуі заман талабы екенін де қадап айтты. Тағы да бір ата-аналарды қуантқан тамаша бастама – барлық оқушы үшін мектеп формасының барынша қолжетімді болуымен қамтамасыз ету өте маңызды екенін, әлеуметтік осал санаттағы балаларға мектеп формасын бюджет есебінен беруі керектігін айтқаны елді бір серпілтіп тастады.

Жолдауда ауыл медицинасын қолдауға қатысты айтқан тұсын ерекше атап өткім келеді. Өйткені ауыл халқы сапалы медицинадан тыс қалып отыр. Енді осы олқылықтарды жойып, алдағы екі жылда ауылдарда медициналық және фельшерлік-акушерлік бөлімшелер салынатыны, оған қажетті құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз етілетіні елдің күткен ерекше жаңалығы болды.

Ауыл-аймақпен қатар аудандардағы ауруханалардың да ахуалы жақсаратынын, ерікті медициналық сақтандыру жүйесін енгізуді де жақсы бастама дер едім.

Жолдауда көтерілген әлеуметтік-экономикалық және саяси мәселенің барлығы сөзсіз маңыздылығын саралай келе, Мемлекет басшысының «Мен қаңтар оқиғасына қатысушыларға бір реттік рақымшылық жариялау туралы шешім қабылдадым» деген сөзі де жазықсыз жапа шеккен жандарға медеу болды.

Ел үшін маңызды құжаттағы тағы да бір елді қуантарлық жағдай білім алушыға оқу ақысын төлеуге 2-3 пайызбен несие беріліп, 2023 жылы 100 мың жас буын жаңа жұмыспен қамтылады. Кәсіпкер жастарға 2,5 пайыз шағын несие беріледі.

Шетелден келген көлікті заңдастыру құны 200-250 мың теңгеден аспайды Шетел кәсіпкерлері 10 жылға виза рәсімдей алады. Сонымен қатар шартарапты жалғап жатқан жолдар 2025 жылға дейін 95 пайызға жақсарады. «Самұрық-Қазына» өз қорынан түскен пайдасының 7 пайызын «Қазақстан халқына» қорына аударады.

Халық үшін ізгілік пен жаңашыл бастамаларға толы бұл Жолдау – даналыққа толы, ұлы ақылмен астасқан маңызды құжат. Егер байыбына барсаңыз, әр сөзінің артында маңызды мән, әр ойының астында ғажап жоспар, әрбір жоба-идеясының әр жағында жаһанның қажетіне жарар жауһар тұнып, болашаққа шұғыла шашып тұр. Оның айғағы биылғы өзгерген Ата заңымызда жер мен табиғи ресурстар халықтың меншігі деген басты қағидатты бекіткені мәлім. Бұл – құр сөз емес.

Ел Президенті өзінің Жолдауында «Әрбір отбасы елдің ұлттық байлығын пайдаланудан нақты қайтарым алуға тиіс» «Балалар жылы» аясында «Ұлттық қор – балаларға» атты түбегейлі жаңа бағдарламаны бастау өте маңызды деп санаймын» деп атап көрсетті. Ұлттық қордың жыл сайынғы инвестициялық табысының 50 пайызын 18 жасқа толғанға дейін әрбір қазақстандық балалардың арнайы жинақтаушы шоттарына мерзімінен бұрын алу құқығынсыз бөлінеді. Бұл – жеріміздің байлығы саналатын ұлттық қазба байлықтарынан әр отбасы өз үлестерін ала алады деген сөз. Мемлекет басшысы бұл жобаны іске асырудың нақты мерзімін белгілеп берді, яғни аталған жоба 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап іске қосылмақ.

Сөзімді қорыта келе, елімізде ынтымақ пен бірлікті, саяси тұрақтылықты сақтай отырып, әлеуметтік экономикалық жағдайымыз халықтың әлауқатын жақсатуда жергілікті өкілетті және атқарушы органдары халық арасында жұмысын әрі қарай жетілдіре беретін болады.

Алға ұмтылмайтын ел болмайды Президент Жолдауын біздің аудан халқының толығымен қолдайтынына және оны жүзеге асыру барысында аянбай еңбек ететініне сенім мол. Ел болу жолында жұдырықтай бірігіп, әркім өз саласы бойынша адал еңбек етуге жауапты.

Салима ОСПАНОВА,
№122 орта мектеп директоры.
Мырзабай ахун ауылы

Қарқынды қолдау салаға серпін береді

Мемлекет басшысы бүгінгі Жолдауында білім саласына кеңінен тоқталды. Себебі біздің келешегіміз өскелең ұрпақтың тәрбиесі мен біліміне тікелей тәуелді. «Білім – болашаққа салынған инвестиция» деп бекер айтылмаған. Сондықтан Жолдауда сапалы білім беруге бет бұратын кезеңнің келгенін, соған сәйкес нақты жаңа жобаларды тиянақты жүзеге асыру жайына ерекше тоқталып, тиісті тапсырмалар берді.

«Орта білімнің сапасы – табысты ұлт болудың тағы бір маңызды шарты. Әрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуға тиіс. Сол үшін «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қолға алынды. Біз 2025 жылға дейін 800 мың баланың заманауи мектепте оқуына жағдай жасаймыз. Осылайша, апатты жағдайдағы және үш ауысыммен оқитын мектеп мәселесін толық шешеміз. Бұл ауыл және қала мектептерінің айырмашылығын едәуір азайтады. Жалпы мектеп салу Үкімет және әкімдіктер үшін басты міндеттің бірі болуы керек» деді Президент.

Айта кетейік, бұл мәселе біздің аймағымызда жуырда жүзеге аспақ. Қызылорда облысының 2023-2025 жылдарға арналып бекітілген жоспарына сай 20 мемлекеттік, 12 жеке мектеп салу жоспарлануда. Бұл дегеніңіз біздің өңір Президент берген тапсырманы бағдарға алғанын білдіреді. Олай болса, жаңа Қазақстандағы жаңа Жолдау табыстарға бастайтынына сенімдімін.

Жалпы Мемлекет басшысы қай Жолдауынан да білім саласын шет қалдырған емес. Олай болуы да заңдылық, әрине. Себебі егемен елдің келешегі бәсекеге қабілетті ұрпақтың қолында деп түсінсек, сол ұрпақты қалыптастыруда білім саласының рөлі айрықша маңызға ие екені айтпаса да белгілі.

Ермұрат КАНАЛХАН,
№202 орта мектептің
тарих пәні мұғалімі

А.Байтұрсынов – 150 жыл

Өткен ғасырдың басында ұлттық мүддені бірінші кезекке қойып, елдің сол кезеңдегі жағдайына шынайы бет бұрып, ұлт мұраты үшін қызмет етуге бел байлаған қазақ азаматтарының тобы қалыптаса бастады. Ресейдің қазақ еліне дендеп ене бастаған отарлық саясатының мәнін түсініп, оған қарсы ішкі наразылықтары оянып, елдің өз ішіндегі талас-тартыс пен патшалық биліктің зорлық-зомбылығына қарсы не істеу қажет деген сұрақтарға жауап іздей бас-тады. Осы жылдары басқа да қазақ тұлғалары секілді, А.Байтұрсынұлының да дүниетанымында түбегейлі өзгеріс туды.



Санадағы сілкініс немесе күрескердің қалыптасуы

Халықаралық зерттеуде когнитивті картаға түсіру деп аталатын зерттеу әдісі бар. Кейде ол танымды карталау немесе танымды картаға түсіру деп те аталады. Осы зерттеу әдісіне сүйенсек белгілі бір саяси оқиға, жағдай, процесс адамның танымына, күрделі өзгеріске түсуіне әсер етеді деп санайды. Мамандар кез келген адамның өмірінде позитивті немесе негативті ықпал ететін бір бұрылысқа себеп болатын, қозғау салатын оқиғалар болады. Осы жай оның келешегіне, дүниетанымының қалыптасуы мен түбегейлі өзгеріске түсуіне ықпал етеді дейді.

Осыған қатысты бірнеше мысал келтіруге болады. 1962-1979 ж.ж. Оңтүстік Кореяның президенті Пак Чон Хи болды. Осы 60-жылдың басына дейін бүгінгі Оңтүстік Корея өзінің даму деңгейі бойынша әлемде артта қалған мемлекеттердің бірі болды. Қасындағы Солтүстік Кореядан да артта қалды. Осы кезеңде генерал Пак Чон Хидің Америкада (Охлакома штаты) тағылымдамадан өтуі, АҚШ экономикасы мен халқының тұр¬мыс жағдайын көруі, қасындағы Жапо¬нияның қарыштап дамып бара жатқанын таразылауы, оның ғана емес, Оңтүстік Кореяның да келешегіне әсер етті. Пак Чон Хидің дүниетанымына АҚШ-ты көруі мен Жапонияның дамуы ерекше әсер етті.

Сонымен қатар 1959-1990 жылдары Сингапурдің премьер-министрі Ли Куан Ю болды. Оның голландық Альберт Винсемиуспен ғылыми конференцияда кездесуі өзіне және Сингапурдың келешегіне ықпал етті.

Осы жағдайлар әлемдік экономикада аталған екі мемлекеттің қарқынды дамуына ықпал етіп қана қойған жоқ, бүгінгі күні де тұрақты даму үстіндегі мемлекеттер қатарына қосылуына әсер етті.

Ал Ахмет Байтұрсынұлына тоқталсақ, он үштегі бала Ахметтің дүниетанымындағы өзгеріске, санадағы сілкініске саяси-әлеуметтік факторлар әсер еткені белгілі. Бірақ А.Байтұрсынұлының дүниетанымындағы сілкініске, ұлттық мүдде жолындағы күрескер ретінде қа-лыптасуына, енді ғана он үшке қадам басып, оң-солын тани бастаған баланың санасына 1885 жылғы болыстық сайлауда Ахметтің әкесі Байтұрсын мен оның бауырлары Ақтас пен Сабалақтың ояз Я.П.Яковлевті ұрып, содан Сібірге сотталуы ерекше әсер еткен болуы керек. Оған ретімен тоқталайық.

Қазіргі уақытта Алматы қаласында Ахаңның әкесі Байтұрсынның туған ағасы Ақтастың немересі Амандық тұрады. Амандық Ақтастың үлкені Шаймарденнің баласы. Осы оқиғаға қатысты Амандықтың айтуы бойынша Торғай уезінің Тосын болысында болыстық сайлауға түскен Ақтас та болыстық орынға үміткер болады. Еті тірі Ақтас ел ішінде беделді, көпке сыйлы, ешкімге есесін жібермейтін өткір кісі болса керек.

Сайлау өткізу жиынында Байтұрсын Торғай уезінің бастығы Я.П.Яковлевтен «сайлаудың ешкімге бұрмай әділ өтуін» талап етеді. Ал ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс болып менменсіген Яковлев болса, дала қазағының қойған талабына шамданып, Байтұрсынды балағаттап, тілдейді. Ағасын тілдеп, балағаттағанға шыдамаған қызба мінезді, шапшаң Сабалақ (шын есімі – Данияр) топтың ішінен атымен тебініп шығып, қамшымен ояз Яковлевті тартып-тартып жібереді. Осы арада дүрбелең туады. Бұрын-соңды патшалық Ресейдің шенді басшысына қамшы сілтеп ұру түгілі, қарсы сөз айту да кездеспеген еді. Басы жарылған ояз казактарға сол арада Ақтасты, Байтұрсынды, Сабалақты ұстатып, түрмеге жабады. Торғай жерінде ғана емес, жалпы қазақ арасында патша шенеунігіне қол көтеру болмағандықтан, бұл ел ішін дүр сілкіндіреді. Билік те қазақтар арасында бәсең де болса туып келе жатқан қарсылықтың алдын алу үшін бүлікшілерді қатаң жазалау мақсатын ұстанады. Арада шамалы уақыт өткен соң, сот үкімі шығып, 1886 жылы ағайындыларды – Ақтас, Байтұрсын, Сабалақты 15 жылға Сібірге айдайды. Осы оқиға болғанда Ахаң 12-13 шамасында болатын. Жақсы-жаманды түсініп, қалыптасып келе жатқан балаға аталған оқиға қатты әсер еткен болуы керек. Кейін А.Байтұрсынұлының «Анама» атты өлеңіндегі:

«… Оқ тиіп он үшімде ой түсіріп,
Бітпеген жүрегімде бар бір жарам...»

деген жолдар осы оқиғаға байланысты туды. Жас баланың жүрегіне осы жай мәңгі сақталып, жара салып қана қойған жоқ, оған терең ой салды.

Осы арада айта кететін жайт, біз 1825 жылғы Ресейдегі декабристер қозғалысы жөнінде айтқанда, олардың әйелдерінің Сібірге бірге барғанына ерекше тоқталамыз. Осындай жағдай қазақ даласында болғанын да айтып өткеніміз абзал. Сот үкімі шыққаннан кейін, сотталғандармен бірге Ақтастың бәйбішесі Үбіжан күйеуі мен қайныларына еріп, сонау Колымадағы лагерьге бірге барған.

Осы арада айта кететін тағы бір жайт, ер мінезді, өткір Үбіжан анамыз 1916 жылғы Торғайдағы ұлт-азаттық көтерлісінің басшысы, Дулығалы мешітінде өткен жиында хан сайланған Әбдіғапар Жанбосынұлының анасы Алуаның шешесі. Торғай елінде кең тараған көнеқұлақтардан жеткен әңгімелерде Әбдіғапардың анасы Алуаның өте ақылды, парасатты, етек-жеңі кең, қолы ашық кісі болғандығы айтылады. Осы елдегі «Алуа» деп аталатын елді мекеннің атауы да осы кісі есімімен байланысты.

Тағдырдың жазуы болар, қызба мінезді Сабалақ жолда солдаттардың оғынан өледі, Байтұрсынның ағасы Ақтастың жары Үбіжан бірнеше жылдан кейін, Якутияда ауырып, қайтыс болып, сүйегі сонда қалды.

Колымада он жеті жыл отырып, ағайынды екеуі 1902 жылы елге оралады. Алыс сапардан Ақтас пен Байтұрсын Торғайға оралғанда олардың ерлігін әлі есінде сақтаған, жыр қылып айтатын елі қошеметпен қарсы алып, құрмет көрсетеді. Торғай елі ғана емес, іргелес, көрші Қостанай, Ақтөбе, Жезқазған, Қызылорда көлеміне сыйлы болған Ахаңның әкесі Байтұрсын 1909 жылы дүниеден өтеді. Өмірден біраз қиындық пен бейнет көрген анасы Күңше (Күнші) араға он жыл салып, 1919 жылы қайтыс болады. Ал Ақтас сексенге келіп, 1920 жылы қайтыс болды.

Меніңше, өз отбасы мен туыстарының басынан өткен осы оқиға мен ел жағдайы оның азаматтық позициясы мен дүниетанымының қалыптасуына ықпал етті. Оң-солын тани бастаған А.Байтұрсынұлы елге қызмет ету мұратын ұстанды.

Екіншіден, оның алған білімі, орыс-қазақ тілдерін еркін білуі, Қазақстанның өз ішінде ғана емес, қазіргі Ресей қалаларында білім алып, қызмет етуі, тұруы, ел ішінің жағдайын өз көзімен көруі – оның ел жайын ойлауына, халық тағдырына бет бұруына әкелді. Оның ұлт мұраты жолындағы қайраткерлік қызметінің қалыптасуына негіз қалады.

Аталған ойымызды тереңдету үшін осы арада Ахаңның өмір жолына сәл тоқталып өтсек, А.Байтұрсынұлы қазақтың ұлы ағатушысы Ы.Алтынсарин негізін қалаған, Торғай елінен шыққан зиялылар білім алған екі сыныптық орыс-қазақ училищесіне түсіп, оны 1891 жылы бітіреді. Сол жылы Орынбор мұғалімдер мектебіне оқуға қабылданып, 1895 жылы ОММ-нің Педагогикалық кеңесінің шешімімен «бастауыш училищенің оқытушысы» деген атақ беріледі.

1896-1901 жылдары Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездерінде ауылдық, болыстық мектепте, екі сыныптық училищеде оқытушылық қызметте болды. 1902-1904 жылдары Омбыда Торғай облысы Халықтық училище директорының іс жүргізуші лауазымын атқарады. Осы жылдары өз халқының санасын ояту мақсатында, жақсы мен жаманды, әділдік пен зұлымдықты, сан тараулы қайшылықты сипаттаған И.Крыловтың мысалдарын қазақы ойлау мен танымға бейімдеп аударып, «Қырық мысал» деген атпен 1909 жылы Петербургтен бастырып шығарды.

Шамасы, халық тұрмысына жақын мысалдар арқылы, А.Байтұрсынұлы ел өміріне ықпал етуге қадам жасаған секілді. Бір жағынан, қазақ оқығандарына Крылов мысалдары таныс болатын. А.Байтұрсынұлына дейін алғаш рет Ы.Алтынсарин И.Крыловтың «Қарға мен түлкі» мысалын, ал Абай «Есек пен бұлбұл», «Шегіртке мен құмырсқа», «Піл мен қанден» шығармаларын аударған болатын. А.Байтұрсынұлы аударған әрбір мысал қазақ өмірімен астасып, қазақ танымына сіңісіп кетті. «Аққу, шортан һәм шаян» мысалындағы:

«Жүк алды шаян, шортан, аққу бір күн,
Жегіліп тартты үшеуі дүркін-дүркін,
Тартады аққу көкке, шаян кейін
Жұлқиды суға қарай шортан шіркін»,

– деген өлең жолдары арқылы сол кезеңдегі ел ішіндегі жікке бөлініп, жан-жаққа тарт¬¬қылаған алауыздықты, бір-бірімен алы¬сып-тартысқан биліктегілерді сипаттады.

Ұлы Абайдың «Құлағын салмас, Тіліңді алмас, Көп наданнан түңілдім» деп налыған, өкінішке толы өлең жолдарымен астасып жатыр емес пе. Одан әрі аталған мысал өлең арқылы аққу, шортан, шаян болып жан-жаққа тартқыламай, бір-біріңді жақын тұтып, бір болыңдар дегенді айтқысы келгендей. Осы орайда Абайдың «Біріңді, қазақ, бірің дос, Көрмесең, істің бәрі бос» деген идеясымен үндесіп кеткендей. Идея, көзқарас сабақтастығы мен үндестігі осы болар.

А.Байтұрсынұлының ағартушылық қызметі қайраткерлік қадамға ұласты. Ол елдің әлеуметтік мәселесін көзімен көре отырып, ағартушылық тәсілмен ықпал етуді мұрат тұтты, қоғамның эволюциялық жолмен дамуына мүдделі болды. Қоғамдағы жағдайдан тыс қалмай, тек оны сырттан бақылаушы немесе оған инертті қатысушы болмай, ел өміріне белсенді қатысып, өз шығармаларына арқау етті.

Ғылымда кең қолданылатын бинарлы талдау әдісі бар. Бұл басталу нүктесі бір немесе жақын екі немесе одан да көп оқиғалар мен үдерістердің ұқсастықтарына, даму барысына және өзгеріс траекториясына талдау жасайды. Қазақ қоғамындағы аққу, шаян, шортан болып жан-жаққа тартқылаған ахуал А.Байтұрсынұлы өмір сүрген жылдарда өзекті болса, қазіргі уақытта да өз маңызын жойған жоқ. Сондықтан да болар, ұлт бірлігі мен тұтастығы, жағымсыз әдет, қалыптасқан келеңсіз жағдайды сынау белгілі бір уақыт аралығында ғана емес, әр кезеңде басты тақырыпқа айналды. Ұлы Абай, А.Байтұрсынұлы, басқа да қазақ зиялылары өз шығармаларында ел ішіндегі жағымсыз жайларды аяусыз сынға алды.

Қолданбалы психология мен саясаттану ғылымында «үйренген әлсіздіктің синдромы» (синдром выученной беспомощности) деген термин бар. «Үйренген әлсіздік» деген синдром адамның өзінің өмірін жақсартуға ешқандай әрекет жасамайтын жағдай. Неге «үйренген» деп аталады? Өйткені ешбір адам туғанда өз өмірін жақсарту үшін қиындықтармен күреспеу керек деген идеямен тумайды. Қиындықтармен күресу – әр адамға тән қасиет. Адам стресс пен қатты дағдарысқа ұшырағаннан кейін күреспеу жолын таңдайды. Өмірден қайта-қайта таяқ жеп, тағдырдың тауқыметін көргеннен кейін адам екі қолын түсіріп, өзінің күшіне деген сенімін жоғалтады. Бәріне көнеді. Адам өз басындағы жағдайға үйреніп қалады, қолын, еңсесін түсіреді, жақсыға қарай сапалық өзгеріс жасай алатынына сенбейді.

Бірақ олардың ішінен ерік-жігері мықты, харизмасы күшті жандар ғана еңсесін түсірмейді, күрес жолынан бас тартпайды, өзгеріс жасау үмітінен бас тартпайды. А.Байтұрсынұлы да осындай тұлға еді. Халыққа білім беру арқылы, ағартушылық жолы арқылы әсер етуге тырысты. Өз халқына білім беру жолын таңдай отырып, орыстың танымал тұлғаларының халық арасында кең таралған шығармаларын қазақ тіліне аудару арқылы, оны қазақ өміріне бейімдеді. Түсінікті, қабылдауға жеңіл тілмен жеткізді. Аярлықты, екіжүзділік пен қулықты, бос мақтан мен даракылықты сынады. Ы.Алтынсарин, А.Құнанбайұлы аударған И.Крыловтың «Қарға мен түлкі» мысалын да аударып, оған қазақы өң, сипат береді.

«Қарасақ, көп адамдар Түлкі боп жүр,
Залымдық өтірік пен мүлкі боп жүр.
Солардың сұмдығына түсінбеген
Қарғадай жұртқа мазақ,
күлкі боп жүр.
Жұрт едік аңқау өскен қазақ болып,
Далада кең сахара көшіп-қонып.
Алдаған залымдардың тіліне еріп,
Жүрмесек жарар еді мазақ болып»,–

деген өлең жолдары бүгінгі күні де өз мәнін жоғалтқан жоқ.

Сонымен қатар сол жылдары елдің азып-тозып, рухани құлдырап бара жатқанын көзімен көрген Ахмет Байтұрсынұлы өз ой пікірін, көзқарасын жұмбақтап, тұспалдап жеткізеді, кейде ашық, айтады. Мысалы, мына өлең жолдары бүгін де сұранып тұрғандай:

«Қасқырдың зорлық болды еткен ісі,
Ойлаймын оны мақтар шықпас кісі.
Нашарды талай адам талап жеп жүр
Бөріден артық дейміз оның ісі», –

дейді. Өз еліне, халқына өз билігі мен күшін пайдаланып зорлық көрсетіп, талап, тонап жүрген, қасқырдан бетер адамдардың бар екендігін тұспалдап жеткізді.

Патша өкіметінің отарлау саясатының қазақ халқының хал-ахуалын әбден төмендетіп, шымбайына батқанын көре білген Ахмет Байтұрсынұлы 1913 жылы «Жиған-терген» атты өлеңінде:

«Қазағым, елім,
Қайқайып белің,
Сынуға тұр таянып.
Талауда малың,
Қамауда жаның,
Аш көзіңді оянып,
Қанған жоқ па әлі ұйқың,
Ұйықтайтын бар не сиқың!» –

деп қалың елі қазағының хал-ахуалын тебірене жыр етті .

Міне, жоғарыда келтірілген өлең жолдары А.Байтұрсынұлының ағартушылық, азаматтық, қайраткерлік тұлғасының қалыптасқандығын, оның ел мұраты, келешегі үшін белін бекем буғандығын көрсетеді. Бұл ұлтын сүйген, ұлтына қызмет етуді мұрат тұтқан тұлғаның үлкен істерге жасаған қадамының бір кезеңі еді.

**Құрманғали ДАРКЕНОВ,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры**

Өнеге

Алып анадан туады

Бұрынғы замандағы ақ жаулығы желбіреген аналардың кинодағы болсын, көркем әдебиеттегі болсын образы көз алдыңа тектіліктің тұмарындай болған шашбауы күнге шағылысқан, әдебі мен биязылығы жібектей жұмсақ, мінезі самалдай үлбіреген әз аналардың жиынтық бейнесін келтіреді. Ғабит Мүсіреповтің «Ұлпан» романындағы Ұлпаннан, Сәбит Мұқановтың «Ботагөз» романындағы Ботагөзден қазақ әйеліне тән қайраткерлікті, шынайылықты, көркем ұлттық тәрбиені көруге болады. Оны көріп қана қоймай, өзіңе сол ізгі қасиеттерден үлгі-өнеге аласың. Мәселен, қарадан шығып хан болған Құнанбайдың анасы Зере ұлына қатысты «Мен Құнашты бір күн дәретсіз емізіп көргенім жоқ және омырауымды тазалап жумай, «бісмілла» айтпай емізген мезгілім болған жоқ» дейді. Қазіргі қазақ қоғамына, кіші буын жастарға қандай өнеге. Балаға күллі қасиет ана сүтімен берілетінін дәлелдеп, тәрбие тал бесіктен екенін өсиеттеп тұр.

Міне, осындай тазалықтан туған Құнанбай өте ұғымпаз, зерек, алғыр, бір естігенін, оқығанын ұмытпайтын болған. Құнанбайдың уәдеге берік, ұстамдылығы, қайратты, жігерлілігін, сабырлы, шешен, болжампаздығын ел аңыз еткен.

Шөбересі Ахат Шәкәрімұлы өзінің атасы жайлы естелігінде «Құнанбай діншіл адам болған. Ол балгерсіген бақсы құшынаштарға, қисынсыз ырымдарға нанбаған. Пара алуды, пара беруді, өтірік айтып, ұрлық қылуды, адамға табынуды жаны түршігіп жек көрген.

Ол тек Құдай мен көпке ғана бағынуды лайық деп санаған. Бұрын зекет беруді білмейтін байларға малынан зекет беруді орындатып, оларды нағыз нашар, кемтар, жетім-жесірге бергізген. Арам өлген мал етін, қан, безді жейтіндерді де тыйған. Тобықты елінің ұрлығын пышақ кескендей тыйған» деп оның қаншалықты дініне берік, әрі қайырымды жан болғанын баса айтқан.

Сондай-ақ Құнанбайдың білім-ғылымға қатты көңіл бөлгенін, оның өз балаларынан бастап, ауылдағы, әсіресе жағдайы нашар адамдардың балаларына білім беру үшін мектеп-медреселер, елдің діни ахуалына көңіл бөліп, мешіттер салдырған, оларды оқыту үшін алыстан ұстаздар алдырғаны да кейіннен мәлім болып жатыр.

Шынында ұлы Абайды дүниеге әкелген Құнанбайдың тектілігі көп айтылмаса да, осындай кітаптарда деректер беріледі. Ол үнемі айналасындағыларға ақыл-кеңесін аямаған. Халық та оның дария білімінен пайдалану үшін оның шаңырағынан толастамаған.

Құнанбай жайлы Адольф Янушкевич 1846 жылы Густав Зелинскийге жазған хатында: «Құнанбай – қара халықтан шыққан, жаратылыстан ақыл-парасаты дарыған, керемет зерек, қара тілге шешен, байыпты, тыңғылықты кісі.

Халқының қамын ойлайды, оған жақсылық қылсам дейді. Елінің ежелгі жол-жобасына, әл-Құранда жазылған шариғат жолына аса жүйрік, Россия өкіметінің қырғыздар жөніндегі заң ережесіне жетік. Қара қылды қақ жаратын әділ, адал азамат.

Құнанбай халқының қамқоры, оны жұрт пайғамбарындай көреді. Сондықтан одан ақыл-кеңес алуға тіпті бір қиырдағы ауылдардан жас пен кәрі, бай мен кедей ағылып келіп жатыр» деп Құнанбайдың тұлғалық қасиетін бүкпесіз ашып көрсетеді.

Тектілігі тәберіктей болған Құнанбай мен Абайды дүниеге әкелген аналардың рухына бас иеміз. Бүгінгі жас аналар сондай алыптарды тудырған аналардан үлгі алса дейміз. «Алып анадан туады» деген осы болар.

Г.ҚОЖАХМЕТОВА

Хабарландыру

«Ауыл» Кредиттік серіктестігі» ЖШС-ның құрылтайшыларының кезектен тыс жалпы жиналысын **2022 жылы 19 қыркүйекте сағат 10.00-де** мына мекен-жайда өткізу туралы хабарлайды: Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Т.Қыстаубаев көшесі №4 үй. («Ауыл» КС ЖШС ғимаратында)

Күн тәртібінде :

1. «Ауыл» Кредиттік серіктестігі» ЖШС-ның құрылтайшыларының арыздарына сәйкес ішінара жарғылық капиталын ұлғайту туралы.

2. «Ауыл» Кредиттік серіктестігі» ЖШС-ның құрылтайшыларының құрамының өзгеруіне байланысты несие лимитін бөлу, серіктестіктің құрылтайшыларының жарғылық салымы ұлғаюына сәйкес қаржының 25 пайызын несие желісі бойынша кепілге қою, соттан тыс сатуға келісім беру туралы.

3. 2022 жылы 19 сәуірде газет бетіне жарияланған құрылтайшылардың жалпы жиналысының хабарландыру бойынша 2022 жылы 23 мамырдағы құрылтайшылардың кезекті жалпы жиналысының №5 хаттаманың күн тәртібіндегі қаралған мәселелер бойынша қайта бекіту туралы.

4. Қарыз алушылардан 0,2 (Нөл бүтін оннан екі пайыз) мөлшерінде өсім алу туралы.

Сонымен қатар құрылтайшыларға күн тәртібіне қосатын ұсыныс-пікірлеріңіз бар болса, 10 күн ішінде жиналыс ашылғанға дейін серіктестікке ұсыныларыңызды, Құрылтайшылардың жалпы жиналысты өткізу тәртібі ҚР заңдарына сәйкес айқындалатындығын, Құрылтайшылардың жалпы жиналысын өткізу Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы», «Микроқаржылық қызмет туралы» «Кредиттік серіктестіктер туралы» Заңына, серіктестік Жарғысын басшылыққа алып өткізілетіндігін хабарлаймыз, жиналысқа міндетті түрде қатысуларыңызды сұраймыз.

БСН: 010640000062

Тұрғын үйді өрт шалмасын

Қазіргі таңда аудан көлеміндегі өрт оқиғаларының басым көпшілігі тұрғын үй үлесінде болып жатқандықтан, өрт қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтаған абзал. Әсіресе саяжайлар мен бақшалық учаскелердегі тұрғын үйлерді ұзақ мерзімге жауып кетер алдында электр қуатының көзінен ажыратылып және газ баллондарының вентильдері мұқият қаралып, жабылуы қажет. Ал өрт қаупін туғызатын ақаулы электр құралдары мен электр қыздырғыштарды пайдалануға қатаң тыиым салынады.

Ақаулы газ қондырғыларын пайдалануға да болмайды. Газ қондырғылары мен толық баллондарға өз бетінше жөндеу жұмыстарын жүргізудің соңы да адам өміріне қауіп төндіретін жағдайларға алып келуі әбден мүмкін. Сондай-ақ ақаулы газ баллондарын ашық от көзімен, сіріңкемен тексеруге тыйым салынады.

Тұрмыстық электр қуатын санағыш қондырғыларында қолдан жасалған сақтандырғыш пайдалануға қатаң тыиым салынады. Ал электр қондырғылары жанбайтын затқа орнатылуы қажет. Тұрғын үй ауласында күл-қоқыстарға от қойып, қадағалаусыз қалдыруға қатаң тыиым салынады. Тұрғын үй ішінде, ауладағы монша, сарайларда ақауы бар жөндеуден өтпеген пештерді пайлану да қауіпті.

Тұрғын үй ғимаратының шатырына бөгде заттар жинамаған абзал. Ал аулада орналасқан отын, мал азықтарын тұрғын үй ғимаратына жақын немесе тақалып жинауға қатаң тыиым салынады.

Жоғарыда көрсетілген ережелер ескерілсе, оқыс оқиғаның алдын алуға жол ашылады. Кез келген төтенше жағдай орын алған жағдайда 101 немесе 112 телефонына хабарласыңыздар. Жалағаш ауданының төтенше жағдайлар бөлімінде 31-2-07 телефоны жұмыс жасайтынын ескертеміз.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Қайраткер келбеті

Дәуірдің жарық жұлдызы

5 қыркүйек – елімізде ресми түрде тіл күні болып аталып өтілетін болса, дәл осы күні Алаштың рухани көсемі, Ұлттың Ұлы Ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы дүниеге келген күн. Бұл не деген сәйкестік десеңізші. Биыл қазақ үшін сан қасиетімен дараланған ұлт көсемінің туғанына 150 жыл толып отыр.

Айта кетейік, Ахмет Байтұрсынұлы өз ұлтының бағы жану үшін өмірдің барлық саласына араласқанын күллі әлем біліп қана қоймай, ұлт ойшылының құрметіне салтанатты шаралар ұйымдастырып, алыс-жақын шетелдегі зиялы қауым өкілдері ғылыми конференция ұйымдастырып, бір сөзбен айтқанда, ұлы тұлғаны әлем мойындап, оны ұлықтап жатыр десек, қателеспейміз. Бұған оның атақ-даңқы дәлел. Қазақ халқы біртуар перзентін қоғам және мемлекет қайраткері, ақын, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы ретінде жақсы біледі.

А.Байтұрсынұлы әйгілі Қарқаралы петициясы авторларының бірі болды. Осы арыз-тілекте жергілікті басқару, сот, халыққа білім беру істеріне қазақ елінің мүддесіне сай өзгерістер енгізу, ар-ождан бостандығы, дін ұстау еркіндігі, күні өткен Дала ережесін қазақ мүддесіне сай заңмен ауыстыру және басқа да мәселелер көтерілді. Дәл осы кезден А.Байтұрсынұлының саяси қызметі басталды деуге болады.

Оның алғашқы кітабы – «Қырық мысал» 1909 жылы жарық көрді. Осы кітаптың өзінде отаршылдықтың зорлық-зомбылық, елдің ауыр жағдайын ұлт ұстазы тұспалдап болса да жеткізіп отырды.

Қазақ ғылымы тарихында ұлттық Әліпби жасап, жаңа үлгі ұсынған реформаторлығымен қоса оның «Оқу құралы» – қазақ жазуының тұңғыш әліппелерінің бірі. Ал «Тіл құралы» – қазақ тілінің тұңғыш оқулығы.

Ахмет Байтұрсынұлы – қыры мен сыры мейлінше мол адам. Ол жазған мектеп оқулықтары 1914-1915 жылдан 1927-1928 жылға дейін пайдаланылып келді. Қазақ оқушыларының бірнеше буыны сауатын А.Байтұрсынұлының «Әліпбиімен» ашып, ана тілін А.Байтұрсынұлының «Тіл құралы» арқылы оқып үйренді.

Есімі елге ардақты тұлға – қазақ ән-күй өнеріне де терең ой жіберген ғалым. А.В.Затаевичтің айтуынша, ол шебер домбырашы, әнші болған. Халық әндерін, күйлерін жинаған және олардың шығу тарихын да білген.

Табиғатынан аса дарынды туған талапты бала Ахмет 1882-1884 жылдары әуелі көзіқарақты адамдардан өз үйінде хат танып, артынан жақын жердегі ауыл мектебінен сауат ашады да, 1886-1891 жылдар аралығында Орынбордағы мұғалімдік мектепте оқып, білім алады.

1895 жылы 1 маусымнан бастап мұғалім болады. Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы атырабында бала оқытады, өмір, тіршілік күресіне араласады, әділет үшін күреседі, байларға қарсылық білдіреді, патшаның отаршылдық саясатын айыптайды.

1901 жылдан бастап қолы бос кездерде өзі ізденіп, саналуан, кітаптар оқиды, әдебиетпен айналысады, оқу құралдарын жасайды, өлең-жыр тудырады. Ел ішінде жас, оқыған, еркін мінезді батыл ойшыл бедел-атағы өсе бастайды.

Оның ұлтына, қазақ халқына адал қызметі жайлы Сәкен Сейфуллин кезінде «...Ахмет халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тіккен, Ахмет Байтұрсынұлы ұлтын шын сүйетін шын ұлтшыл» деген болатын.

Ол шын мәнінде ұлт ұстазы, халқымыздың рухани көсемі бола білді.

Ұлықталар мәңгілік Ұлт көсемі,
Ахаң десе, көңілден бұлт көшеді…
Алаш жырын кетті ғой аманаттап,
Азаттыққа ұмтылған жұрт кешегі…
Ұлықталар мәңгілік Ұлт көсемі!
Қазақ десе, от ойнап қанымызда,
Қайрат берер қайран ер жанымызға!
Ұлттың Ұлы Ұстазы туған жерге,
Тізе бүгер қалың ел, ханыңыз да…

деген жыр жолдары ұлт ұстазының рухына ұрпақтары мәңгі тағзым етіп тұрғандай.

Тәуелсіздік алған кезеңнен бері мерейтойы мемлекет қолдауымен әлемдік деңгейде кең ауқымда аталып өткелі отырған Алаш ардақтысы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығын жоғары деңгейде өткізу әр қазақстандықтың парызы деп санаймын. Ұлт руханиятының тұғыры саналатын тіл білімінің шоқ жұлдызындай жарқырап тұрған А.Байтұрсынұлының есімі ғасырлар бойы жасай бермек.

Г.АСҚАРҚЫЗЫ

Сыр бойы Арқаға көмек көрсетуде

Қазақ даласының бір қиырына «тілсіз жау» тиді. Екі күннен бері Арқа даласындағы Қостанай аймағы өрт құшағында жатыр. Аймақ халқы «тілсіз жауды» ауыздықтау үшін тынымсыз арпалысуда. Айналасын жалмап, аспанға шарпыған қызыл жалын бәсеңсігенімен, әлі де толық өшірілген жоқ. Қарағайлы ормандардан бастау алған өрт бірнеше елді мекенді шарпыды. Қазірде өрт ошағына жақын Калинин, Лесное, Бағаналы және Аманқарағай ауылдарындағы жергілікті халық қауіпсіз мекендерге эвакуацияланды. Үйі өртенген тұрғындар мектептерге, жатақханаларға, мешіттерге, туған-туыстарының үйіне уақытша орналасып жатыр. Оларға қазіргі уақытта медициналық, психологиялық, материалдық тұрғыдан көмек көрсетілуде.

Соның ішінде ең көп зардап шеккен Әулиекөл ауданына қарасты Аманқарағай ауылы. Сонымен бірге ауыл маңындағы мұнай базасын да өрт шарпып, жүзден аса құрылыс нысаны зақымданған. Сондай-ақ өрт салдарынан 200 бас мал мен 261 бас құс қырылып, 20 гектарға жуық егістік алқап жарамсыз күйге түскен. Қазірде бұл аталған ауылдың орнында тек күл қалған. Ресми ақпарат көздері өрт таралған аймақтарда денесін күйік шалып, ауыр жарақаттанғандар мен адам шығыны бар екенін айтып жатыр.

Төтенше жағдайлар министрінің ақпарына сүйенсек, орман қорының 43 мың гектары өртенген. Бұл – сол өңір үшін ғана емес, тұтас еліміз үшін өте үлкен зардап, қасірет. Өйткені орман-тоғайдың, соның ішінде қарағайлы орманның жойылуының салдары экологиялық орасан зор апатқа алып келуі мүмкін. Сонымен бірге аталған министрлік баспанасыз қалғандарға үй салынатынын және өрт толық ауыздықталған соң орман алқаптарын қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілетінін жеткізді.

Қазіргі уақытта өрт сөндіру жұмыстарына 200-ге жуық техника (оның ішінде 5 әуе құралы, 5 өрт сөндіру пойызы бар), бірнеше өрт сөндірушілердің жеке құрамы, ТЖМ, жергілікті атқарушы органдар, Ұлттық Ұлан, полиция қызметкерлері және мыңдаған ерікті жасақ жұмылдырып жатыр.

Әлі де еліміздің түкпір-түкпірінен еріктілер штабы құрылып, көмек көрсетуге азаматтар ағылуда. Сонымен бірге өрттен зардап шеккен тұрғындар үшін әр өңірден гуманитарлық жәрдем де жеткізіліп жатыр.

Сыр – Алаштың анасы. Халық аузында жүрген осы теңеудің өзі Сыр елінің ауызбіршілігін, қаймағы бұзылмаған қазақшылық қадір-қасиетін айшықтай түседі. Қай жылы Арыс қаласында болған алапат жарылыста да зардап шеккен жергілікті халыққа алғаш болып көмек қолын созған Қызылорда облысының тұрғындары екені көпшіліктің есінде шығар.

Бұл жолы да Сыр бойының халқы Арқадағы аласапыран жағдайға жаны ауыра отырып, қызыл жалын арасында қалған тұрғындарға шұғыл көмек көрсетуге жұмылып жатыр. Атап айтсақ, «Amanat» партиясы облыстық филиалы мен Қызылорда қаласы, Арал, Қазалы, Қармақшы, Жалағаш, Сырдария, Шиелі, Жаңақорған аудандары және Төретам кентінде, барлығы 9 гуманитарлық көмек қабылдау пункттері ашылған және ол қазірде тәулік бойы жұмыс істей бастады. Атап айтсақ, табиғи апат болған аймақтағы көмекке мұқтаж жандарға азық-түлік, киім-кешек және басқа да тұрмысқа қажетті заттар жиналып жатыр.

Бұл қайырымдылық шарасына партия белсенділері, партияның облыстық, қалалық «Тұран», «Теміржол» филиалдарының ұжымы атсалысып жатыр. Сонымен бірге «Jastar ruhy» жастар қанаты облыстық филиалының мүшелерінен құрылған еріктілер тобы жиналған қаржыны және азық-түлік өнімдері мен киім-кешек, төсек орындық бұйымдарын тиісті жерге жедел жеткізуді жауапкершілігіне алыпты. Қаржылай немесе материалдық көмек көрсеткісі келетін ниеттілер үшін республика бойынша арнайы есепшот ашылған. Ел аман, жұрт тыныш болсын, ағайын.

Қуат АХЕТОВ

Тағзым

Ядролық сынақ тоқтаған күн

Тарихтан белгілі 29 тамыз – Тәуелсіз Қазақстанның өз еркімен атом қару-жарағынан бас тартып, әлемге өзінің бейбітсүйгіштігін паш еткен күні. Семей атом сынағының 1991 жылдың 29 тамызында жабылуы еліміз үшін теңдесі жоқ қуаныш болды. Бұл шешім әлі күнге дейін өміршеңдігін жоғалтқан емес. Ядролық сынақты тоқтату арқылы Қазақстан әлем мемлекеттері алдында өз имиджін қалыптастырды.

Осы орайда кент орталығындағы «Тағзым» алаңында атаулы күнге байланысты апаттан қаза тапқандарды еске алу іс-шарасы өтті. Оған аудан әкімінің орынбасары Жасұлан Еспенбет және «Невада-Семей» қоғамдық бірлестігінің Жалағаш ауданы бойынша жетекшісі Жұматай Қорғанбаев пен ардагерлер қатысты.

– Бүгін – Семей полигонының жабылғанына тура 31 жыл. 1991 жылы 28 тамызда Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен жүзеге асырылған болатын. Ал Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас ассамблеясы 2009 жылы Қазақстанның бастамасын қолдап, 29 тамызды дүниежүзілік ядролық сынақтарға қарсы іс-қимыл күні деп жариялады. Содан бері Қазақстан ядролық қарудан бас тартқан алғашқы ел болып тарихта қалды. 18 млн гектар жерге орнатылған полигонда 456 ядролық және термоядролық жарылыс жасалған. Олардың 116-сы ашық түрде болды. Полигонда әуеде және жер бетінде сынақтан өткізілген ядролық зарядтардың жалпы қуаты 1945 жылы Хиросимаға тасталған атом бомбасының қуатынан бірнеше есе көп болған. 900 мыңнан аса адам қарудан бөлінген радиация салдарынан түрлі ауруға шалдықты. Халықтың басына түскен нәубетке бейжай қарай алмаған азаматтар 1989 жылы қоғам қайраткері Олжас Сүлейменовтің бастауымен «Невада-Семей» қозғалысы ұйымдастырылды. Осылайша 1991 жылы Қазақстан атом бомбасынан өз еркімен бас тартқан алғашқы мемлекет болып тарихта қалды. Әрине бұл қарудың зардабын әлі күнге дейін еске алғымыз келмейді. Тәуелсіз елдің ұрпақтары мұндай зардаптардан аулақ болғанын тілейміз. Еліміз аман, жұртымыз тыныш, Тәуелсіздігіміз тұғырлы болғай, – деді Жұматай Қорғанбаев.

Іс-шараға жиналғандар Семей ядролық полигонында қаза тапқан қандастарымыздың рухына бас иіп, оларды бір сәт үнсіздікпен еске алды. Содан кейін құрбандардың рухына құран бағышталып, ескерткішке гүл шоқтары қойылды.

– Бұл ядролық қару адамзатты құрту, адам баласы үшін қарсы жасалған нәрсе. Біздің елдің бұл қаруды жойғаны өте дұрыс болды. Қазір әлемге үлгі болып отырмыз. Келешекте барлық елдер де ажал әкелетін қарудан бас тартады деп ойлаймын. Бүгін көріп тұрғанымыздай осы қарудан зардап шеккен бауырларымызға, сол уақытта әскери борышын өтеген азаматтарымызға құран бағыштадық. Енді мұндай зардап әкелетін нәрселер басымыздан өтпесін деп дұға еттім, – деді ардагер Теңілбай Кеңесов.

"Тағзым" аллеясында басталған шара аудандық мәслихаттың мәжіліс залында жалғасты. Басқосуда полигонда әскери борышын өтеген ардагерлер көрген оқиғаларымен бөлісіп, өздерінің ұсыныс-пікірлерін де жеткізді.

Сынақ полигоны жабылғанымен, одан зардап шеккендерді әлеуметтік қорғау, сауықтыру мен оңалту шаралары тоқтаған жоқ. Бұл мақсатта аудан бойынша 15 кісі «Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілгендер» қатарына енгізіліп, қазір атаулы көмек алып отыр. Атап айтсақ, айына бір рет 21 мың теңге қаржылай көмек, жылына бір рет госпитальға ем алуға жолдама беріледі. Сондай-ақ госпитальға жолдама алғандарға бір реттік қосымша 137 мың теңге қаржылай көмек те қарастырылған.

Әрине ардагерлер мен сол ядролық қарудың зардабын тартқан халық үшін бұл көмек ештеңе емес. Бірақ ағаларымыздың батырлығы мен ерлігі, Отан алдындағы борышын адал орындауы келешек ұрпаққа, біз үшін баға жетпес үлгі болады деп ойлаймын.

Жандос ЖАЗКЕН

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық
"Жалағаш жаршысы" газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
"Жалағаш жаршысы" аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) "Сапа менеджменті жүйелері" талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел:. 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 3075 Тапсырыс № 1479

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Қуат АХЕТОВ